Оның елі үшін жаңашыл идеяларды жүзеге асыру мақсатында жасаған істерінің арасында 1935 жылы мамырда құрылған Иран Мәдениет Академиясын атап көрсеткен орынды. Өйткені Иран Мәдениет Академиясының құрылуы Мұхаммед Али Форуғидің парсы тілі мен әдебиетіне деген жанашырлық істерінің ең үлкені болды. Бұл парсы тілінің сөздік қорының және жазу стилінің дұрыстығын сақтап дамыту байыту туралы ойлардан пайда болды. Парсы тілі академиясын құру әрекеті күтпеген оқиға емес екендігі даусыз. Деххада, Малик әл-Шаер Бахари, Саид Нефиси, Бади аз-Заман Пурзанфар сияқты адамдардың Академияға тоғысуы қазіргі парсы тілін қайта дүниеге әкеліп жан беруіне барынша көмектесті. Форуғи парсы жазуы мәселесін қазіргі әлем мен оның лингвистикалық қажеттіліктері тұрғысынан түсініп, оның шешімін іздеді. Тіл — халық мәдениетінің айнасы, ал мәдениет — құнды және қуатты қайнар көзі деп сенді. Өзінің «мәдени орталыққа жолдауым» деп жариялаған әйгілі жолдауында бұл мекеменің ирандықтарды ұлы Иран жазушылары мен ақындарының құнды шығармаларымен таныстырып қана қоймай, елдегі реформа қозғалысын басқаруда ақылды рөл атқаруы керек екенін атап өтті (Iraj Afshar, 8: 225). Шет тілдерін жақсырақ үйрену және Батыс өркениетімен таныстыратын классиктерінің шығармаларын аудару мәселесіне де тоқталады.

Форуғи осы жылдары әлемнің түкпір-түкпірінен сарапшылар қатысқан Фердоуси конгресін ұйымдастырды. Фердоусидің мыңжылдық конгресін ұйымдастырып қана қоймай, тарих туралы бірнеше еңбектер жазды. Ол сондай-ақ ұлттық ескерткіштер қауымдастығының президенті болды және ирандық көне заттардың сақталуын жоғары бағалады. Оның күш-жігерінің арқасында 1931 жылы тамызда парламент ежелгі заттарды қазуға, табуға, иеленуге және сақтауға мүмкіндік беретін көне заттар туралы заң қабылдады. Зоко аль-Молк білімпаз, әрі мәдениеттанушы ретінде ежелгі Иран мұражайын құру туралы ойларға берілді. «Мұражай дегеніміз не және ол не үшін қажет?» деген сұрақтарды талқылады және мұражайға барудың құндылығы мен маңыздылығына назар аударды (Ali Asgar Hagdar, 3: 16).

Зерттеу нәтижелері

Ендігі жерде данышпан ойшылдың саяси әлеуметтік, ғылыми-прогрессивті ойларына талдау жасау арқылы Ирандағы зиялы ойдың даму эволюциясын талдап көрелік.

Мәдени салада конституциялық кезең алдындағы «зиялылар» («монаверальфекран») насихаттаған жаңашыл идеялар үш деңгейде жүрді, яғни а) әдебиет, ә) саяси ой-пікірлер, б) тарихи. Үш деңгейде де жаңа дискурстың халықтың өткені мен тарихы, ежелгі дәуір мен ирандықтардың шығу тегін дәріптеуге барып тіреледі. Оны біз Ахундзаде, Малкомхан еңбектерінен көре аламыз. Конституциялық құрылымның орнауы жаңа пікірлер қабатын қалыңдата түсті. Мысалы, жаңа деңгейдегі ойшыл жазушылар Алиакбар Деххода, Мохаммад Али Жамалзаде т.б. интеллектуалды ойлардың дамуына үлес қосты (Ali Asgar Hagdar, 3: 23). Олардың жазбаларының формасы да, құрылымы да, мазмұны да жаңаша болды. Ашық мазмұнда, жаңа

мағынада қоғамдағы жаңа саяси-әлеуметтік, экономикалық құбылыстарды тілге тиек етті. Мохаммад Али Форуғи 1907 жылғы конституциялық революция кезеңінде қоғамның саяси өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік алған Иран зиялыларының екінші буыны өкілі болды. Сонымен бірге, осы кезеңдегі мәдени дискурс пен саяси өзгерістер арасын байланыстырушы болды. Ол жаңаша білім алған, Иран ежелгі және орта дәуір тарихынан және мәдениетінен толық хабардар, модернизация жайлы толық танымдық ілімі бар реформатор болды. Ойшылды ең алдымен елдің даму мәселесі толғандырды. Тіпті, елдің әлеуметтік-өміріне араласа қоймаған кездің өзінде оны қоғамдық даму фәлсафасы қызықтырды. Оның аудармасындағы «батыс философиясының негіздері» осының дәлелі. Батыс философиясы, қоғам дамуы жайлы теориялар, ежелгі дәуір тарихы, адамзат тарихы Форуғидің көп тоқталып зерделеген саласы болды. Ол осы жинаған білімін билікте жүрген кездерінде қолдануға тырысты. Ондағы мақсат пен үміт сол сәтте ел билігін «жоғарыдан реформалауды» көздей отырып, елде жаңғыру мен жариялылық құндылықтарын ел игілігіне пайдалану үшін дұрыс жағдай жасау болды. Осы себептермен Реза шахтың мақсаттары мен саяси жоспарларына, идеяларына әсер етіп қана қоймай, осы мұратына жету үшін әр түрлі әкімшілік институттарға араласып, әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысып, әр түрлі мемлекеттік қызметтерді атқарады.

Мохаммад Али Форуғи елді әлемдік жаңғыру көшіне ілестірмек мақсатында батыс мәдениетімен таныстыратын түрлі кітаптарды парсы тіліне аударады. Ирандықтарды батыстың заманауи философиясы, экономикалық және саяси идеяларымен таныстыратын бұл аудармалармен бірге түрлі дәрістер мен очерктер жазады. Осы орайда ирандық зерттеуші Ноубахт «Форуғи терең ой иесі болды, экстремистік тенденциялардан аулақ болды. Ол өзі өмір сүрген уақытқа дейін саяси элита арасында бұрын-соңды болмаған батыстың жаңа философиялық және саяси идеяларын зерттеді, ол Иранның саяси құрылымы туралы терең және салмақты түсінікке ие болды. Ол шынайы көзқараспен бар күш-жігерін халықты саяси ағарту бағыттай отырып батыс мәдениетінің классикалық мәтіндерінен аудармалар жасады, дәрістер оқыды және мақалалар жазды. Сол арқылы ирандықтарды заманауи философиялық, экономикалық және саяси идеялармен таныстырды» дей келе былай жазады, «өзге зиялылардың Форуғидың айырмашылығы өзгелер секілді қоғам дертін көрсетіп қана қоймай, ол дертке дауа іздеуінде» (Nobakht, 9: 7). Ол елі үшін қызметінде Иран қоғамын батыс философиясының негіздерімен және батыстағы жаңғыру үдерісінің себептерін классикалық кітаптар арқылы таныстырудан еш танбады. Форуғи әлеуметтік мәселелермен қоса батыс философиясына, әсіресе Платон мен Декарттың пікірлері мен ойларына ерекше қызығушылық танытты. Форуғи модернизмнің ақылға негізделгенін және Декарт теориясын аударуы мен оның «Мен ойлаймын, сондықтан мен бармын» деген тіркестеріне баса назар аударуы Иран қоғамына рационалдық ұғымын тереңнен жеткізу тәсілі екенін жақсы білді» деп жазады ирандық зерттеушілер (Moghaddasi, 10). Оның аудармасындағы Платонның «Сократтың даналығы» атты философиялық еңбегі, Декарттың «Әдістер туралы пайымдау» деп аталатын шығармасы бір ғасырға жуық уақыттан кейін де ерекше құнды дүние болып қала берді. Форуғи Декарт еңбегін аударып болған соң, іле-шала «Еуропадағы даналық» кітабын аударды. Өйткені Декарттың философиялық шығармасын түсіну үшін алдымен еуропадағы даналық ілімнен хабардар болу керек деп сенді (Hosnieh al-Sadat Mahdavi, 6: 9–8).

Осы мақсатта «Еуропадағы даналық» деп аталатын үш томдық аударма кітабын жан-жақты талданған кіріспемен басып шығарды. Бұл кітап ондаған жылдар бойы ирандықтардың Батыс философиясын түсінуге арналған негізгі анықтамалығы болды. Кіріспеде ол батыстағы философияның тарихи эволюциясын сипаттайды. Парсы тіліндегі алғашқы батыс философиясын таныстырушы шығарма болған бұл жұмысты Ирандағы саясатқа арналған заманауи және ұтымды құндылықтардың философиялық негізі санауға болады. Оның аудармасында жарық көрген философия тарихы батыстағы философтардың ойлары мен жағдайларына шолу болды.

Оқырман кітаптың үш томын оқығаннан кейін жаңа түсінік пен санаға ие болады және «ең болмағанда, батыстағы өнер мен технологиялық жетістіктер жаңаша инновациялық ойлау тәсілі мен жаңаша өмір нәтижесі екенін ұғынады» деп сенеді. Бұл жұмысты зерделей келе Форуғидің тереңнен ойлайтын ойшыл екенін көреміз. Ол бәрінен бұрын халық санасына әсер етуді ойлайды. Яғни, ең алдымен адамдардың ойы түзелуі керек, жаңаша ойлау қабілетін қалыптастыру керек деп сенді. Ол үшін ең үлкен құрал философиялық шығармалар, ондағы танымдық терең ойлар мен даму сатысын түсіндіру деп сенді. Басқаша айтқанда жаңа қоғамның теориялық негізін салуды ойлайды (Варди, Ахмед, 11: 165).

Карл Маркстың «Капитал» кітабының алғашқы парсы тіліндегі аудармасы да Форуғидің еңбегімен жарық көреді. Алайда Форуғидің либералды көзқарастағы батыс философтарының кітаптарын аударып, шығара бастауы Иранның интеллектуалды қоғамындағы марксизмнің толқуының өріс алуына байланысты аяқсыз қалды.

Форуғидің сақталған бірнеше том болып жарияланған шығармаларының арасында Иран атауы, Иран тарихы, мәдениеті, әдебиеті және Иран халқы деген ұғымдар бәрінен бұрын және жиі қайталанатын. Бұл Форуғидің интеллектуалды жұмысы толығымен Иран мен ирандықтарға, елге және халыққа арналғанының көрінісі.

Шын мәнінде, Форуғи реформашыл зиялылардың өкілі ретінде Иран жастарын оқыту және оларды ғылым, саясат, экономика және мәдениет саласындағы кең ауқымды білімге негізделген қазіргі заманның философиялық перспективаларымен таныстыру арқылы Иранда қажетті реформалардың алғышарттарын жасай алуға болады деп үміттенген.

Форуғи адамзат өркениетінің тарихи дамуы жайлы кемел біліміне сүйеніп, елдегі жаңашыл өзгерістерді іске асыруға ден қояды. Бұл жолда оны болашақ қоғам қандай болуы керектігі және ондағы билік жүйесі қандай болғаны жайлы ойлар қатты мазалайды. Оның жоғары өркениетті қоғам құру туралы пікірлері де өзгеше болды. Ол өркениет жайлы ойларында «жоғары өркениетке жету үшін тәрбие мен мәдениеттің маңыздылығын» сөз етеді. Өзінің радиодан сөйлеген сөзінде: «Мәдениетті дамыту арқылы біз ұлттың дамуын жеделдете аламыз» дейді (Мұхаммад Али Форуғи, 12: 225).

Сондықтан да, дамыған қоғам құрудағы мәдениеттің алатын орнын айрықша атап көрсетті. Мәдениетті қоғам дамыған қоғам деген пікірді жоғары ұстанады. Ұлт санасын тәрбиелеу, мәдениетін көтеру қоғамда заңды қамтамасыз етеді деп сенді. Мысалы, «Әр ұлт, әрине, өркениетті болуы керек, бірақ өзгелерден жоғары емес... Бірақ ұлттың қадір-қасиеті – оның білім беру және өркениет саласындағы артықшылықтарында...» (Мохаммад Али Форуғи, 13: 171–197). Бұл жолдар оның ұлттың интеллектуалдық дамуын алға қоятынын, жоғары өркениетке жету үшін білім саласын жетілдіру деп нық сенетінін көреміз.

Форуғи тәрбие мен оның қоғам құрылымында және өмір сүрген ортаның даму жағдайына әсерін терең зерттейді. Ол білім беру саласына шынайы мән бере отырып, ұлтты тәрбиелеу жаңа мәдени орталықтар құрмастан, дәстүрлі біліммен қатар жаңа білімді меңгерместен мүмкін емес деп сенеді. Осы ойда ол жаңа мәдени және тәрбие әдістемелерін зерделей бастайды. Осының нәтижесінде жаңа білімді таратуды, газет-журналдар басып шығаруды замананың өзгерістерін түсініп, ұғыну үшін маңызды құрал деп есептеді. Оның мына сөзіне назар салсақ «ұлт тәрбиесі басқалардан маңызды, бірақ одан да маңызды нәрсе ол ұлттық моральдің көзі болатын идея, яғни идеология» дейді (Мохаммад Али Форуғи, 12: 63). Бұл сөзі қоғамдағы ұлттық идеологияның орнына мән бергенін көрсетеді.

Форуғидің тағы бір назар аударарлық көзқарасы – өркениетті қоғам жайлы ойы. Ол Иран қоғамындағы дағдарыстың себебі билік пен халықтың заңды сақтамағанынан деп түсінді. Оның ойынша заңға құрмет көрсеткен халық пен ұлт қана өркениетті және прогрессивті бола алады. «Қоғамда заң бірінші орында тұру керек және оны қоғамның әр мүшесі орындауға сақтауға міндетті, міне сонда ғана қоғам дамиды» (Мохаммад Али Форуғи, 12) деген

қорытындыға келеді. Ойшыл батыс, шығыс ойшылдарының еңбектерін зерделей келе, әділетті қоғам құру және елді жаңғырту секілді идеяларды жүзеге асыру жолдарын іздейді.

Сондай-ақ, Зоко әл-Молктың жеке хаттарын зерделесек, оның өзіндік жеке ұстанымдарының да ерекшелігін байқауға болады. Мысалы: «ендігі жерде жаңа дәуір халықаралық бірлестікпен өмір сүреді, яғни ешбір халық ұлттар мен мемлекеттер қауымдастығынан қалыс қала алмайды. Әр мемлекеттің ішкі жағдайына басқа мемлекеттердегі жағдай әсер етпей қоймайды, сондықтан олар басқа елдердегі өзгерісті бақылауға мәжбүр» деп жазады (Іraj Afshar, 8: 55–71). Бұл ойлар оның болашақ жайлы көреген пікірлерінің бір ұштығын ғана аңғартады.

Осы орайда Иранның бір туар тұлғасы М.А. Форуғидің қайраткерлік бейнесін төл тарихымызбен байланыста, яғни, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бейнесімен салғастыра талдап көрсек.

Батысты жайлаған жаңғыру үдерісінің толқыны бүкіл Азияны шарпыған еді. Дәл осы Форуғи дәуірінде біздің жерімізде де ел азаттығы, бостандық тақырыбы басты мәселеге айналған кезең болатын. Қазақ зиялылары да елді жаңғыртуда алғашқы қадамдарын өз елдерінде білім беру жүйесін реформалауға ұмтылудан бастады. Қазақ тілінде білім беруге және қарапайым қазақтар үшін қолжетімді мектептер ашуға күш салды. Халыққа білім беру, ұлт санасын тәрбиелеу, ғылым мен әдебиет, әлеуметтік-құқықтар саласын дамыту мәселесі бірінші орынға қойды. Қазақ қоғамының рухани өмірінің мәнін құрайтын, ең өткір мәселелерді көтеріп, халықтың келешекке деген үмітін ұштап, арманын қанаттандыруға, құндылықтарын қадірлеуге тырысты.

Жаңаша ойдағы ұлт зиялылары бар күш-жігерлерін өз халқының артта қалған тұрмыс-тіршілігін өзгертуге, ұлттық тәуелсіздік жолында күресуге, елдің дамуына үлес қосуға бағыттады. Халықты білім алу, ғылым және өнермен айналысу үшін насихат жүргізді. Осылайша, XX ғасырдың басында әлем деңгейінде орын алған жаңа қоғамдық даму мен жаңғыру үдерісі елдегі жаңаша ойлы, зиялы ортаның қалыптасуына себеп болды. Ұлт зиялыларының басты идеясы ағартушылық пен жаңашылдық бағытта болды. Біртіндеп ағартушылық ұстанымдарымен қатар қоғамды өзгерту, жаңа қоғам құру идеясын да ұсына бастады.

Бұл кезең зиялыларының екі елде де көтерген мәселелері, ұстанымдары да үндес болып келеді. Оның себебі, қазақ және Иран, тіпті бүкіл Орта Азия мемлекеттерінің зиялыларын идеялық қайнарларының ортақтығынан болса керек. Бұл орайда мысал ретінде, осы елдер арасындағы интеллектуалдық байланыстың, жаңашыл ортақ идеялардың көзі және таратушысы болған газеттерді атап көрсетсек болады. Осы кезеңнің барлық зиялылары сол кездердегі кең танымал шығыс газеттерімен таныс болған. Мысалы, Калькуттада жарияланған «Хабль ал-матин», Каирдегі «Соррая» (Плеиада) және «Парвареш», Стамбулдағы «Ахтар» (Жұлдыз), газеттері барлық жаңаша идеялар мен елдер арасындағы өзгерістер жайлы жазып отырды. Бұл басылымдар сол кезеңде Орталық Азия халықтарының жабық әлемінің сыртқы ортасымен қарым-қатынасының алғашқы құралы болды», – деп жазады (Исмайлов, Базарбаев, 13: 44–51). Дәл осы басылымдар ирандық интеллектуалдардың алғашқы буын өкілдері, яғни ағартушылық идеяны уағыздаушылар арасында да танымал болды және біразы сол басылымдардың шығуына ат салысты. Ресей зерттеушісі Дорошенко «Елден тыс жерде жарияланған парсы тілді басылымдардың, яғни, Калькуттада – «Хабл ал матин», Каирде – «Соррея», «Парвареш», Константинопольде – «Ахтар» секілді газеттердің таралуында иран зиялылары үлкен рөл атқарды», – деп мәлімдейді (Дорошенко, 14: 49–62). Бұл газеттерде Шах деспотизмі мен шетелдік капиталдың Иранның экономикалық, саяси және мәдени артта қалуын күшейткен, елдің ішкі өміріне зиянды әсер еткені туралы айтылды. Сонымен қатар, батыс ғылымы мен техникалық жетістіктерін көпшілікке таныстырып отырды. Ирандағы дәстүрлі білім беру, басқару жүйесі, билік сынға алынып, халыққа саяси бостандық беру талаптары осы басылымдар арқылы да айтылды. Форуғидің әкесі мырза Хасан Форуғи Зоко

ал-Молк кітапхана ашып, «Тарбиат» газетін шығарады (Iraj Afshar, 8: 55–71), кейіннен ол газетте ұлы Мұхаммед Али Форуғи қызмет етеді.

Жоғарыда аталған танымал газеттердің нұсқалары, яғни, Қажарлар дәуірінде жарық көрген бірқатар мерзімді басылымдардың Ғылым Ордасының Орталық ғылыми кітапханасында, сирек кездесетін кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі мен ҚР Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған (Қамбарбекова, Боранбаева, 15). Көріп отырғанымыздай бұл кезең зиялыларының арасында идеялық алмасулары болғаны анық. Бұл мысал, ғасырдың басындағы екі елде орын алған саяси қоғамдық өзгерістер мен ұлт санасының оянуына әсер еткен қозғаушы идеялардың ортақтығының дәлелі. Бұдан шығатын ой қазақ даласындағы интеллектуалды қозғалысқа бүкіл шығыста белең алған үлкен үдерістің ықпалы болғаны.

Екінші бір ортақ қайнар осы екі ел зиялыларының ғасыр басында білім алған орталықтарының ортақтығы. Бұның өзі олардың ортақ идеяны ұстануының себебін ашса керек. Мысалы, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының біразы Ресейдегі, енді бірі Шығыс елдеріндегі, не Батыстағы оның ішінде Берлиндегі жоғары оқу орнының түлектері болды. Әсіресе, Стамбул университеті мен Петербург қаласы бір қатар қазақ зиялыларының білім алған орталығы болды. М. Қойгелдиев, Петербург университеті қазақ жастары үшін нағыз үлкен білім шаңырағына айналған деп атап көрсетеді. Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларға куә болуы, қоғамды жаңғырту жолына түсуге әрекет еткен орыс демократиялық күштерінің ықпалын бастан кешіруі олардың саяси-қоғамдық көзқарастырының қалыптасуына әсер етеді. Ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады (Кендирбаева, 16: 5–36). Бұл орталықтар Иран зиялыларының да білім алған ошағы екені белгілі. Қазақ зиялылары да, Иран зиялылары да елді жаңғыртуда алғашқы қадам ретінде өз елдерінде білім беру жүйесін реформалауға ұмтылды. Біртіндеп ағартушылық ұстанымдарымен қатар қоғамды өзгерту идеясы туындап жатты. Орта Азия мен Қазақ даласында да бұл идея кең өріс алып, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстары бой көрсете бастады.

Алаш қайраткерлері халықтың ұлттық санасын мемлекеттік деңгейге көтерді. Алаш партиясы сол кездегі қоғамның проблемаларын шешу үшін шаралар кешенін әзірлеген қазақтардың алғашқы саяси ұйымы еді. Алашордалықтардың негізгі идеясы халықтың бірлігі болды және бұл ұран бүгінгі күнге дейін өзекті. Алаш қозғалысының негізгі мақсаттары мемлекеттік өзін-өзі басқарудың ұлттық жүйесін құру, озық әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, қазақ қоғамын жаңғырту болды (Қыдырәлиева, 17). Бұл идеяның Форуғи көтерген идеямен үндестігі анық байқалады. Форуғи Иранда тіл тазалығы, ұлттық бірегейлік мәселесін ту етті десек. Қазақ зиялылары ұлттың мәдени ғана емес, саяси атрибуты ретінде ұлттық тіл, ана тілінің тағдырына қамқорлық көрсетті. Мысалы, ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының осы бағыттағы атқарған істері ерекше болады. «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деп терең ойланған ұстаз өзінің бар ғұмырын осы жолға сарп етеді (Байтұрсынұлы, 18: 375–78). А. Байтұрсынұлының ұлт болашағы үшін жасаған еңбектерінің алды «қазақ әліпбиін» жасап шығуы еді. Қазақтың өз жазуы, өз баспасы, басылымдары болу керек деп ұрандаған барлық Алашорда қайраткерлерінің ойында ұлт санасын ояту, ұлт құндылықтарын сақтау болды. Олар болашақ қазақ мемлекетін құру үшін ең алдымен халықтың ұлттық санасын ояту және қалыптастыру қажеттігін пайымдады. Орыс отарынан, басқыншы саясатынан құтылудың ең тиімді жолы – ұлттық сананы ояту. Ол үшін ең алдымен халықтың тілін және әдебиетін, тарихын, ең бастысы ұлттық сананы қайта жаңғырту екенін Алаш қайраткерлері жақсы түсінді. Бұл мәселе төңірегінде 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» өлеңдер жинағы адамға философиялық ой тастайды. «Масаның» негізгі

идеясы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, жұрт санасын масаша ызындап ояту, еңбек етуге үндеу. Бұлардың барлығы да екі елдегі зиялы оймен, ұлттық сананың даму үдерісін және өзара үндестігін көрсетеді.

Жалпы салғастыра қарағанда М.А. Форуғид идеялық бастамаларында жаңа қоғамның теориялық негізін қалауды көздеп, өз мақсатын ұлт санасын тәрбиелеуден бастауды жөн санады. Батыс философтарының еңбектерін аударып басып шығару арқылы жоғары өркениетке қол жеткізуді көкседі. Бұл идеялар қазақ зиялыларының да пікірлерімен астасып жатыр.

Қорытынды

Қорыта айтсақ, Форуғи қазіргі заманның парадигмасын шынайы қабылдаған жаңашыл тұлға болды. Ол ұлттық санадағы өзгерістердің қоғамдағы, саяси және экономикалық өзгерістерге ұласатынын және адамзат өркениетінің тарихи даму формасынан орын алатынын нақ түсінді. Сондықтан, ұлттық сананы жетілдіру, жаңа толқын зиялы қауым тәрбиелеу идеясын қолдады. Осы ойымыздың дәлелі ретінде «Егер біз либералды демократия теологиясымен қазіргі саяси ғылымдар арасындағы байланысты байыптап қарар болсақ, онда М.А. Форуғи секілді адамдардың саяси ғылымдар мектебінде дәріс беріп, мәтіндер құрастырудан басқа либералды-демократиялық құндылықтар үшін күрестегі стратегиялық әрекеттердегі рөлін көре аламыз» дейді зерттеуші Ш. Могими (Shervin Moghimi, 14). Жоғарыда айтылып кеткендей, Форуғи жаңа дәуір философиясының бастауынан хабардар болған, батыс философиясының негізінде жаңа биліктің теориялық негізін қалауға тырысты. Ол ирандықтарға қоғам өзгерістеріндегі философияның негізгі орнын түсіндіруге ұмтылды. Форуғи философиялық жаңаруды ұлттың дәстүрлі даналығын және тарихын қайта қарастыру, оны жаңа идеялармен ұтымды ұштастыру деп түсінді. Сол себептен, өз идеяларын, ойын дамыту мақсатында ежелгі даналықтарды және Ислам дәуіріндегі философтардың еңбектерін зерделеді. Ол еңбектерді зерделеп қана қоймай, аударып, халқының кәдесіне жаратуды ойлады.

Бұдан көретініміз зиялы қауымның мемлекет пен халық санасының дамуында айрықша орынға ие екендігі. Қашанда зиялылар қоғам дамуының қайнары болып қала бермек. Бұл мақала Иран зиялыларының белсенділігінің даму үдерісіне М.А. Форуғи өмірі арқылы талдау жасауға ұмтылыс болып табылады.

References

- Afshar, 1400 — *Afshar Iraj Siasatname Zakalmolk*. Magoleha nameha va sohanranihae siasy. [Zika al-Maliki politics: articles, letters and political speeches]. Tehran: Published by Dr. Muhammad Afshar, 1400. 208 p. (In Pers.).
- Ahmadi, 1394 — *Verdi Ahmadi Jizn y vremena Mohammada Ali Faruki*. [The life and times of Mohammed Ali Forougi] Tehran: opublikovano izdatelstvom Namak. Tegeran, 1394. URL: <https://irdc.ir/en/news/249/a-brief-look-at-the-positions-and-activities-of-mohammad-ali-foroughi> (access date 07.02.2023) (In Pers.).
- Baitursynuly, 2013 — *Baitursynuly A. Alty tomдик shygarmalar jinagi* [Collected Works]. Almaty: Elshezhire, 2013. 384 p. (In Kaz.).
- Doroshenko, 1998 — *Doroshenko E.A. Shitskoe duhovensto v dvuh revolutsiah: 1905–1911 y 1978–1979*. [Shiite revolution in two revolutions: 1905–1911 and 1978–1979 gg]. Moscow: Institute of Oriental Studies RAS, 1998. 240 p. (In Russ.).
- *Tasire raftare shah dar tarbiat Iran* [The impact of the Shah's behavior on Iranian education], 2023. URL: <https://archive.org/details/maghalat-foroughi/page/n3/mode/2up?view=theater> (access date: 02.11.2023) (In Pers.).
- Forugi, 1377 — *Mohammad ali Forugi*. «Zokol Molk» tarihe tahodjome farhange garb. Majmueie shahid bahonar. [History of Western cultural intersection]. Tehran: Published by Dr. Bahonar, 1377. 168 p. (In Pers.).
- Forugi, 2023 — *Mohammad Aly Forugi*. Avalin raye hekmat orupai baro Iranian. [Muhammad Ali Forougi is the first European narrator of wisdom for Iranians], 2023. URL: <https://www.bbc.com/persian/iran-features-48096202> (In Pers.). (access date: 02.11.2023)

Forugi, 2023 — *Zendeginame Mohammad Ali Forugi*. [Biography of Muhammad Ali Farouqi], 2023. URL: <http://moaser.iki.ac.ir/book/export/html/527> (access date: 20.08.2023)

Forugi, 2023 — *Zendeginame Mohammad Ali Forugi*. Farhangestan chist. [What is a Farhangestan], 2023. URL: <https://archive.org/details/maghalat-foroughi/page/n11/mode/2up> (access date: 20.08.2023).

Hagdar, 1384 — *Ali Asgar Hagdar* Mohammad Ali Forugi va sahtarhae nowin madani. [Mohammad Ali is the youngest of the righteous. Muhammad Ali Farouqi and the new civil structures]. Tehran, 1384h. 165 p.

Hoseini, 2015 — *Hamze Hoseini* Payan name karshenasi Arshad reshte tarih. Nasionalizm dar andishe ye siyasatvarzane asre Pahlavi aval. (Bar andisheye Mohammad Ali Foroughi...) // [Hoseini Hamze. Title: Nasionalism In First Pahlavit]. Tehran, 2015. 93 p.

Ismailov, Bazarbayev, 2013 — *Ismailov A.I., Bazarbayev K.K.* Jadidizm – istoria prosvetitel'skogo dvizheniya I svobodnoy mysli v sentralnoy Azy, konets devytnatsatogo – nachalo dvatsatogo [Jadidism – the history of the Future Movement and its own ideas in Central Asia, konets devyatnadzat – the beginning of the dual faith]. A.: Let, 2013. No. 1(27). Pp. 44–51. (In Russ.).

Kambarbekova, Boranbayeva, 2021 — *Kambarbekova G.A., Boranbayeva A.* Gadjarlar aylety tusyndagi Irannig merzimdi basylimdaryna sholu [Review of periodicals of Iran during the Khazhar dynasty] // Proceedings of the Conference “Qazaqstan jane Shygys elderi: otkeny, bugini jane olashagy”. Al-Farabi KazNU. Oriental Studies faculty. Almaty, 2021. (In Kaz.).

Kendirbaeva, 1999 — *Kendirbaeva G.* We are children of Alash... The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // Central Asian Survey, 1999. No 18(1). Pp. 5–36. (In Eng.).

Kydyralina, 2013 — *Kydyralina Zhanna* Alashskaya ideya y nezavisimost Kazakhstana: uroki istoriy [Alash's idea and independence of Kazakhstan: the history of the world]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/5887/>. (In Kaz.). (access date: 20.08.2023)

Mahdavi, 2007 — *Hoseini al-Sadat Mahdavi*. Barrasie amalkard siasy Mohammad Aly Foroughi dar doreie Pahlavie aval. payan name jaht ahz daraje karshenasie arshade tarihe Irane eslami [Hosnieh al-Sadat Mahdavi. Theses Title: Stady of Mohammad-Ali Forouqi s Practice in the First Pahlavi Period]. Tehran, 2007. 134 p. (In Pers.).

Moghaddasi, 2020 — *Ahmad Moghaddasi*. Mohsen foroughi (1907–1983): thoughts and sustainability in the works of an iranian modernist architect. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mohsen-foroughi-1907-1983-thoughts-and-sustainability-in-the-works-of-an-iranian-modernist-architect/viewer>. (In Eng.). (access date: 20.08.2023)

Moghim, 2019 — *Shervin Moghim*. Razmishleni o traktate o konstitutsionnih pravah URL: http://www.ipsajournal.ir/article_384_en.html?lang=fa. (In Pers.). (access date: 20.08.2023)

Nobakht, 2020 — *Mohamad Ali Nobakht*. https://history.bojnourd.iau.ir/article_679746.html?lang=en (access date: 14.08.2023). (In Pers.).

Parham, 2017 — *Rouzbeh Parham*. dok.diss: jahte dariofte daraje karshenasi Arshad reshte alume siasy.danaeshgah Azady.Kermanshah.envan: duganei jomhuriat va saltanat dar nezam fekri va andishegy Mohammad Ali Fourughi. [Rouzbeh Parham. doc.diss. Subject: Dichotomy of republic and monarchy in the System of Mohammad Ali Forouqi's thought. Islamic Azad University]. Kermanshsh Branch, 2017. 104 p.

Şafak, 2020 — *Turgay Şafak*. Modern Iran Mimamrlarından Muhammed Ali Furugu [One of the architects of modern Iran Muhammed Ali Furugi]. URL: <https://www.iramcenter.org/modern-iranin-mimarlarindan-muhammed-ali-furugi-349> (access date: 14.08.2023). (In Turk.).

Әдебиеттер

Байтұрсынұлы, 2013 — *Байтұрсынұлы А.* Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Елшежіре», 2013. 384 б.

Варди, 1394 — *Варди Ахмед*. Жизнь и времена Мухаммеда Али Фаруки // زندگی وزمانه محمد علی وادی، احمد. ۱۳۹۴. تهران: نشر نامک. Тегеран: Намак, 1394.

Дорошенко, 1998 — *Дорошенко Е.А.* Шиитское духовенство в двух революциях: 1905–1911 и 1978–1979 гг. М.: Институт востоковедения РАН, 1998. 240 с.

Исмаилов, Базарбаев, 2013 — *Исмаилов А.И., Базарбаев К.К.* Джадидизм – история просветительского движения и свободной мысли в Центральной Азии, конец девятнадцатого – начало двадцатого века. Лет, 2013. № 1(27). С. 44–51.

Кыдыралина, 2013 — *Кыдыралина Ж.* Алашская идея и независимость Казахстана: уроки истории. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/5887> (дата посещения: 20.08.2023)

Қамбарбекова, Боранбаева, 2021 — *Қамбарбекова Ғ.Ә., Боранбаева А.Ж.* Қажарлар әулеті тұсындағы

Иранның мерзімді басылымдарына шолу // Конференция материалдары жинағы. «Қазақстан және Шығыс елдері: өткені, бүгіні және болашағы». ҚазҰУ Шығыстану факультеті. Алматы, 2021.

Форуғи, 2023 — *Форуғи Мохаммад Али* // تاثیر رفتار شاه در تربیت ایرانی. URL: <https://archive.org/details/maghalat-foroughi/page/n3/mode/2up?view=theate> (дата посещения: 02.11.2023)

Форуғи, 2023 — *Форуғи Мохаммад Али* Иранның соңғы жүз жылындағы кітаптар; Ирандықтар Үшін Еуропалық даналықтың алғашқы баяндаушысы / اولین راوی حکمت اروپایی برای ایرانیان محمدعلی فروغی. URL: <https://www.bbc.com/persian/iran-features-48096202> (дата посещения: 02.11.2023)

Форуғи, 2023 — *Форуғи Мохаммад Али* Мәдениет деген не? فرهنگستن چیست. URL: <https://archive.org/details/maghalat-foroughi/page/n11/mode/2up> (дата посещения: 20.08.2023)

Afshar, 1400 — *Iraj Afshar Siasatname zakolmolk: magolo ha, nameha va sohanronyhae siasy* // Зокломолктын саясатнамесі: хаттар, саяси баяндамалар.. پور سیاست نامه ذکا الملک:مقاله ها، نامه ها و سخنرانی های سیاسی محمد افشار. ۱۴۰۰. ۱۶۹ص

Forugi, 1377 — *Mohammad Ali Forugi "Zoko ol molk" tarihe tahojme farhangi garb* // Зокломолк. батыс мәдениетінің басқыншылығы тарихы. محمد علی فروغی "ذکاء الملک" تاریخ تعاجم فرهنگی غرب. مجموعه شهید باهنر. تهران. ۱۳۷۷. 168 p.

Forugi, 1377 — *Zendeginame Mohammad Ali Forugi*. Мухаммад Али Форуғидің өмірбаяны. URL: <http://moaser.iki.ac.ir/book/export/html/527> (дата посещения: 20.08.2023)

Hagdar, 1384 — *Ali Asgar Hagdar Mohammad Ali Forugi va sahtarhae nowin madani*. [Ali is the youngest of the righteous. Muhammad Ali Farouqi and the new civil structures. Tehran, 1384h. 165 p.

Hagdar, 1384h — *Ali Asgar Hagdar Mohammad Ali Forugi va sahtarhae nowin madani*. [Ali Asgar Hagdar. Muhammad Ali Farouqi and the new civil structures. Tehran, 1384. P165] // علی اصغر حقدار. محمد علی فروغی و ساختار های نوین مدنی. تهران، ۱۳۸۴. ۱۶۵ص

Hoseini, 2015 — *Hamze Hoseini Payan name karshenasi Arshad reshte tarih*. Nasionalizm dar andishe ye siyasatvarzane asre Pahlavi aval. (Bar andisheye Mohammad Ali Foroughi.....) // [Hoseini Hamze. Title: Nasionalism In First Pahlavi Poliricians thoughr based on mohamad ali Foroughi, Seyd Hassan taghi Zade, Abdolhossein Teimor Tash, Mokhberolsaltane Hedayt, Ali Asghar Hekmat]. T., 2015. 93 p.

Hoseini, 2015 — *Hoseini Hamze Payannameye karshenasi Arshad reshteye tarih*. [Title: Nasionalism I n First Pahlavi Poliricians thoughr based on mohamad ali Foroughi] // حمزه حسینی. پایان نامه کارشناسی ارشد رشته علی فروغی (.....). تهران ۱۳۹۳. ۹۳ص. ناسیونالیسم در اندیشه ی سیاست ورزان عصر پهلوی اول با تکیه بر اندیشه ی محمد. تهران ۱۳۹۳. ۹۳ص. [Hoseini Hamze. Title: Nasionalism I n First Pahlavi Poliricians thoughr based on mohamad ali Foroughi] // حمزه حسینی. پایان نامه کارشناسی ارشد رشته علی فروغی (.....). تهران ۱۳۹۳. ۹۳ص. ناسیونالیسم در اندیشه ی سیاست ورزان عصر پهلوی اول با تکیه بر اندیشه ی محمد. تهران ۱۳۹۳. ۹۳ص.

Kendirbaeva, 1999 — *Kendirbaeva G. We are children of Alash...* The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // Central Asian Survey, 1999. No 18(1). Pp. 5–36.

Mahdavi, 2007 — *Hosnieh al-Sadat Mahdavi Theses Title: Stady of Mohammad-Ali Forouqi s Practice in the First Pahlavi Period* // حسنیة السادات مهدوی. بررسیه عملکرد سیاسی محمد علی فروغی در دوره پلوی اول. پایان نامه: جهت اخذ درجه // کارشناسی ارشد رشته تاریخ ایران اسلامی. T., 2007. 134 p.

Moghaddasi, 2020 — *Ahmad Moghaddasi Mohsen Foroughi (1907–1983): thoughts and sustainability in the works of an iranian modernist architect*. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mohsen-foroughi-1907-1983-thoughts-and-sustainability-in-the-works-of-an-iranian-modernist-architect/viewer> (дата посещения: 20.08.2023)

Moghami, 2019 — *Shervin Moghami* URL: http://www.ipsajournal.ir/article_384_en.html?lang=fa (дата посещения: 20.08.2023)

Nobakht, 2020 — *Mohamad Ali Nobakht*. [Rationality and modernism in the thoughts and works of Mohammed Ali Forugi.]. URL: https://history.bojnourd.iau.ir/article_679746.html?lang=en (дата посещения: 14.08.2023)

Parham, 2015 — *Rouzbeh Parham* док. дисс. Subject: Dichotomy of republic and monarchy in the System of Mohammad Ali Forouqi's thought. Islamic Azad University Kermanshsh Branch // روزبه پرهام. عنوان پایان نامه: دوگانگی جمهوری و سلطنت در نظام فکر و اندیشگی محمد علی فروغ جهت دریافت درجه کارشناسی ارشد رشته علوم سیاسی. دانشگاه ازادی. کرمانشاه ۱۳۹۴. 104 p.

Şafak, 2020 — *Turgay Şafak* URL: <https://www.iramcenter.org/modern-iranin-mimarlarindan-muhammed-ali-furugi-349> (дата посещения: 14.08.2023)

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Әбікей А.	
ТҮРКІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН МЕЖЕЛЕНУ ТАРИХЫНАН.....	7
Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.	
ҚАЗАҚСТАН КИНЕМАТОГРАФИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (1946–1970).....	24

ТАРИХ

Әбдікұлова Г., Төлєнова З.	
КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ КӨЗДЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	37
Бейсембаева А.Р.	
XVII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРДЫҢ KEЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ: АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	52
Беркінбаев О.У.	
АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА МАНЬЧЖУР ӘУЛЕТІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ...	67
Жұматай С.	
ӘБІЛМӘМБЕТ ПЕН АБЫЛАЙДЫҢ РЕСЕЙ ПРОТЕКТОРАТЫН ҚАБЫЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ (1740 Ж.) ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ.....	83
Қабылдинов З.Е.	
СҰЛТАН СҰЛТАНМАМЕТТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ KEЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–50 ЖЫЛДАРЫ).....	94
Қали А.Б.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ ТАТАРЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫНАН.....	111
Қуанбай О.	
АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–40 жж.).....	124
Қоңырова А.М.	
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....	142
Рахимова Қ.Д., Батырхан Б.Ш.	
МҰХАММЕД ӘЛИ ФОРУГИДІҢ ИРАНДА ЖАҢА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	154
Рысқұлов Т.А.	
ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РӨЛІ (1730–1750 ЖЖ).....	169
Токболат С.Т., Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т.	
ДАЛА ЖОРЫҒЫ: 1839 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ХИУА ЖОРЫҒЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РӨЛІ.....	184
Торайғыров Е.М.	
ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘУЛЕТТІК ЖӘНЕ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ.....	202
Мұхатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.	
ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	218
Ноури М., Жеңіс Ж., Ализәде	
XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНАН ИРАНҒА РЕЗА ШАХТАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҚОНЫС АУДАРУЫ.....	234

АНТРОПОЛОГИЯ

Досымбетов Н.А.	
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІМЕН).....	247
Сейтхан Ш.	
МОҢҒОЛДАРДЫҢ ЖЫЛҚЫҒА ҚОЛДАНАТЫН ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ ДӘСТҮРЛЕРІ.....	261

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Абикей А. ИЗ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ ТУРКЕСТАНА.....	7
Сатбай Т.Я., Жолдасұлы Т. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СОЮЗА КИНЕМАТОГРАФИСТОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946–1970).....	24

ИСТОРИЯ

Абдыкулова Г., Толенова З. МНОГОМЕРНЫЕ ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОСТИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	37
Бейсембаева А.Р. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЙ В КОНЦЕ XVII – СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКОВ: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	52
Беркинбаев О.У. АБЫЛАЙ И ЕГО ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С МАНЬЧЖУРСКОЙ ДИНАСТИЕЙ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА.....	67
Жуматай С. ПРИНЦИПЫ И ХОД ПРИНЯТИЯ РОССИЙСКОГО ПРОТЕКТОРАТА АБУЛМАМБЕТОМ И АБЫЛАЕМ (1740 г.) И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ.....	83
Кабульдинов З.Е. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУЛТАНА СУЛТАНМАМЕТА (30–50 ГОДЫ XVIII ВЕКА).....	94
Кали А.Б. ИЗ ИСТОРИИ ЗАСЕЛЕНИЯ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА.....	111
Куанбай О. ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СУЛТАНА АБЛАЯ В ПРИГРАНИЧНОЙ ЗОНЕ (30–40-е годы XVIII ВЕКА).....	124
Коньрова А.М. ПОЛИТИКА РУСИФИКАЦИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ (НАЧАЛО XX ВЕКА)....	142
Рахимова К.Д., Батырхан Б.Ш. РОЛЬ МУХАММЕДА АЛИ ФОРУГИ В ФОРМИРОВАНИИ НОВОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СРЕДЫ В ИРАНЕ.....	154
РОЛЬ АБЫЛАЯ В УСТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА С РОССИЕЙ В 1730–1750-Х ГГ.....	169
Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т. ПОХОД ПО СТЕПИ: РОЛЬ КАЗАХОВ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ХИВИНСКОМ ПОХОДЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ 1839 ГОДА.....	184
Торайгыров Е.М. КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ, ДИНАСТИЙНЫЕ И ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ.....	202
Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А. ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ ОТЫНШЫ АЛЖАНОВА.....	218
Ноури М., Жеңіс Ж., Ализиде ИРАНСКИЕ КАЗАХИ-ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ 1930-Х ГОДОВ С МАНГЫСТАУ: СО ВРЕМЕН РЕЗА ШАХА ДО НАШИХ ДНЕЙ.....	234

АНТРОПОЛОГИЯ

Досымбетов Н.А. КУЛЬТУРА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКАХ (ОПЫТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ).....	247
Сейтхан Ш. МОНГОЛЬСКИЕ КЛЕЙМА ДЛЯ ЛОЩАДЕЙ И ТРАДИЦИИ ДЕЛАТЬ КЛЕЙМА.....	261

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Akhmetova Zh., Egamberdiyev M., Abikey A. FROM THE HISTORY OF NATIONAL-TERRITORIAL DEMARCATION OF TURKESTAN.....	7
Satbay T., Zholdassuly T. THE ACTIVITIES OF THE UNION OF CINEMATOGRAPHERS OF KAZAKHSTAN IN THE POSTWAR YEARS (1946–1970).....	24

HISTORY

Abdykulova G., Tolenova Z. MULTIFACETED SOURCES OF EVERYDAY HISTORY: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTANI RESEARCH.....	37
Beisembayeva A.R. CERTAIN ASPECTS OF THE KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS IN THE LATE XVII – MIDDLE XVIII CENTURIES: BASED ON ARCHIVAL SOURCES.....	52
Berkinbayev O.U. ABYLAI AND HIS RELATIONSHIP WITH THE MANCHU DYNASTY IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY.....	67
Zhumatay S. PRINCIPLES AND COURSE OF THE ADOPTION OF THE RUSSIAN PROTECTORATE BY ABULMAMBET AND ABYLAI (1740) AND ITS CONSEQUENCES.....	83
Kabuldinov Z.E. SOME ASPECTS OF THE LIFE AND WORK OF SULTAN SULTANMAMET (1730s–1750s).....	94
Kali A.B. FROM THE HISTORY OF THE TATAR SETTLEMENT TO ZHETYSU IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY.....	111
Kuanbay O. DIPLOMATIC POLICY OF SULTAN ABLAI IN THE BORDER AREA (1730s–1740s).....	124
Konyrova A. RUSSIFICATION POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE FIELD OF EDUCATION (EARLY 20th CENTURY).....	142
Rakhimova K., Batyrkhan B. THE ROLE OF MUHAMMAD ALI FOROUGI IN THE FORMATION OF A NEW INTELLECTUAL ENVIRONMENT IN IRAN.....	154
Ryskulov T. THE ROLE OF ABYLAI IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF TRADE RELATIONS BETWEEN THE KAZAKHS OF THE MIDDLE ZHUZ AND RUSSIA IN THE 1730S–1750S.....	169
Tokbolat S., Dzhursunbayev, Zhubanyshov B. CAMPAIGNING ACROSS THE STEPPE: THE VITAL ROLE OF THE JUNIOR ZHUZ KAZAKHS IN IMPERIAL RUSSIA'S 1839 KHIVA CAMPAIGN.....	184
Toraigyrov Y.M. KAZAKH-JUNGAR DIPLOMATIC, DYNASTY AND TRADE RELATIONS.....	202
Mukhatova O. Kh., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A. EDUCATIONAL ACTIVITIES AND VIEWS OF OTYNSHY ALZHANOV.....	218
Nouri M., Zhengis Zh., Alizade THE RESETTLEMENT OF KAZAKHS FROM THE MANGISTAU REGION TO IRAN IN THE 1930-s FROM THE TIME OF REZA SHAH TO THE PRESENT DAY.....	234

ANTHROPOLOGY

Dossymbetov N.A. AGRICULTURAL CULTURE OF KAZAKHS IN FOLKLORE DATA (EXPERIENCE OF ETHNOGRAPHIC RESEARCH).....	247
Syeitkhan Sh. TYPES OF BRANDS (TAMGA) USED BY MONGOLIANS ON HORSES AND THE BRANDING TRADITIONS.....	261

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2024. 11 (1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.03.2024.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМҚ

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ
РМҚТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй